

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы

Исатаева Айдана Кенжегалыйқызы

««Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының жұмыскерлеріне техника қауіпсіздігін оқыту»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B073100 – Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Биотехнология
кафедрасының меңгерушісі
PhD, профессор

З.К.Түйебахова

«06» Мамыр 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: ««Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының жұмыскерлеріне техника қауіпсіздігін оқыту»

5B073100 – «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша

Орындаған

А.К.Исатаева

Ғылыми жетекші
лектор

Ж.Б.Абдрахманова
«06» Мамыр 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы



БЕКІТЕМІН
Биотехнология
кафедрасының меңгерушісі
PhD, профессор

З.К.Туйебахова

«06» Маусым 2019ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Исатаева Айдана Кенжегалыйқызы

Тақырыбы «Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының жұмыскерлеріне техника қауіпсіздігін оқыту»

Университет ректорының «16» қазан 2018ж. № 1163-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыста тапсыру мерзімі «16» «05» 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы тапсырмалары: «Bazis Construction» ЖШС компаниясына қарасты құрылыс аймағындағы жұмысшыларға техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығуларын жасау, құрылыс объектісін жобалау кезінде қойылатын талаптар, өндірістік сәтсіз жағдайлардың статистикалық мәліметтері, құрылыс нысанындағы электр қауіпсіздігі және қараңғы уақытта прожекторлық жарықтандыру.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Өндірістік сәтсіз оқиғалардың және статистикалық мәліметтері

б) құрылыс аймағындағы электр қауіпсіздігі, қараңғы уақытта прожекторлық жарықтандыру жұмыстары

в) құрылыс объектісіндегі жұмысшыларға техника қауіпсіздігін және еңбек қорғау бойынша оқыту жаттығу бағдарламалары

Графикалық материалдар тізіміндетті түрде сызбалардың саны көрсетілген сызбалық материалдар тізімі: 4





Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 10

Дипломдық жұмысты дайындау

ГРАФИГІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиеттерге шолу	25.02.2019-15.03.2019	жоқ
Негізгі бөлім	05.03.2019-20.04.2019	жоқ
Статистикалық мәліметтер	20.04.2019 -27.04.2019	жоқ
Қорытынды	27.04.2019-01.05.2019	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілер мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші мен кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	27.02.2019	
Құрылыс нысанындағы жұмыскерлерге техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығуын өткізу.	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	13.03.2019	
Құрылыс нысанындағы техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптар	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	22.04.2019	
Норма бақылаушы	Е.Е Садвакасов, лектор	06.05.2018	

Ғылыми жетекші



Ж.Б. Абдрахманова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.К. Исатаева

Күні

« 16 » 10 2019ж.

АНДАТПА

«Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының жұмыскерлеріне техника қауіпсіздігін оқыту» дипломдық жұмысымда қағаз түрінде 30 беттен, кіріспеден, 7 бөлімнен, 3 суреттен, 4 кестеден 4 диаграммадан, қорытынды бөлімнен, 10 пайдаланылған әденбиеттер тізімінен тұрады. Дипломдық жұмысты зерттеу жұмыстары негізінде құрылыс компаниясындағы жұмыскерлерге техника қауіпсіздігі, өндірістік және өрт – жарылыс қауіпсіздігі бойынша жүргізілетін оқу – жаттығу жұмыстары, сондай-ақ әртүрлі техникалық мамандарға өткізілетін нұсқаулықтар қарастырылады. Сонымен қатар, объектілердегі қатаң түрде сақталуы қажет техникалық регламент сұрақтарыда қарастырылды.

Түйін сөздер: құрылыс саласындағы қатаң сақталуы керек техникалық регламент ережелері, техникалық мамандарға жүргізілетін оқу-жаттығу бағдарламалары.

АНОТАЦИЯ

В дипломной работе ««обучение технике безопасности работникам строительной компании ТОО «Bazis Construction»» в бумажной форме состоит из 30 страниц, введения, 7 разделов, 3 рисунка, 4 таблицы, 4 диаграммы, заключительной части, 10 списка использованных источников литературы. На основе исследований дипломной работы предусматривается проведение учебно – тренировочных работ по технике безопасности, производственной и взрывопожароопасной безопасности работников строительной компании, а также инструкций для различных технических специалистов. Кроме того, рассмотрены вопросы технического регламента, которые необходимо строго соблюдать на объектах.

Ключевые слова: технический регламент, необходимо строгое соблюдение правил в сфере строительства, в технических специалистах, проводимых учебно-тренировочных программ.

ABSTRACT

English: In the thesis of «safety training for employees of the construction company «Bazis Construction» LLP» in paper form consists of 30 pages, introduction, 7 sections, 3 figures, 4 tables, 4 diagrams, the final part, 10 references. On the basis of research thesis provides for training work on safety, industrial and explosive safety of employees of the construction company, as well as instructions for various technicians. In addition, the issues of technical regulations that must be strictly observed at the facilities.

Keywords: technical regulations, it is necessary to strictly comply with the rules in the field of construction, technical specialists, conducted training programs.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	8
1	«Bazis Construction» құрылыс компаниясының негізгі міндеттері	9
2	НЕГІЗГІ БӨЛІМ. «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу.	10
2.1	Басшыларға, мамандарға және инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған кәсіпорындардағы оқытылатын техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағдарламасы	11
3	«Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне арналған техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтар.	13
3.1	«Bazis Construction» құрылыс компаниясына жұмысқа келген қызметкерге жүргізілетін кіріспе нұсқаулық.	13
3.2	«Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және бойынша жүргізілетін жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулық.	13
3.3	«Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және бойынша жүргізілетін жұмыс орнындағы жоспардан тыс нұсқаулық.	15
4	«Bazis Construction» құрылыс компаниясының құрылыс нысанындарына қойылатын талаптар, жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру	16
4.1	Құрылыс. Құрылыс - монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру	17
4.2	Құрылыс алаңдарының жағдайы және құрылыстағы жүктерді тасымалдау бойынша талаптар	19
4.3	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын рәсімдеу тәртібі және оларды есепке алу	20
5	«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері	22
5.1	2017 жылы «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері	22
5.2	2018 жылы «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері	23
6	«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғау шараларын ұйымдастыру	24
6.1	«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы электр қауіпсіздігі бойынша инженерлік есептеулер	24
6.2	Кешкілік кезде прожекторлық жарықтандыру бойынша	26

7	инженерлік есептеулер	
	«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы	28
	қызметкерлерге арналған жеке қорғаныс құралдары	
	ҚОРЫТЫНДЫ	30
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	31
	ҚОСЫМША	
	ҚОСЫМША А	
	ҚОСЫМША Б	
	ҚОСЫМША В	
	ҚОСЫМША Г	

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде елімізде құрылыс объектілерін жоспарлау және оны сапалы түрде орындау қарқынды түрде даму үстінде. Әрбір өндірістің, кәсіпорын түрінің жұмысшыға деген өзіндік ауырлығы бар. Бірақта, Қазақстан Республикасында тау-кен, металлургия, мұнай-газ салаларымен қатар құрылыс саласы да еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша негізгі сұрақтардың өзекті мәселесіне айналып отыр.

Құрылыс саласында өнімділік пен жұмыс деңгейін жақсарту үшін ең басты шаралар ол еңбек қорғау және техника қауіпсіздігін жақсарту болып саналады. Себебі, сәтсіз жағдайлар мен кәсіби аурулар санын азайту үшін жұмысшыларға ең алдымен еңбек жағдайын жақсарту керек сонымен қатар құрылыс объектісінде техника қауіпсіздігі ережелері қатаң түрде орындалып, еңбек жалақысы сәйкесінше төленіп, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі керек.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының жетістігі – құрылыстың жоғарғы сапасына, сейсмикалық тұрақтылығына баса назар аударып, клиенттің эстетикалық талғамын ескере отырып, берілген аз уақытта сапалы құрылыс нысанын тұрғыза білетін мыңдаған мамандардың еңбегі. Оған дәлел әр жыл сайын алып отыратын марапаттар: «Жыл таңдауы №1 - 2018», «Қазақстанның №1 құрылыс компаниясы -2 018», «Global Award for Perfection, Quality & ideal Performance, Италия 2017» және т.б.

«Bazis Construction» әлемдік тәжірибені қолдана отырып, тек Қазақстан Республикасы емес Ресей мен Канадада да сапалы ғимараттар тұрғызуда.

Құрылыс саласындағы негізгі қауіпті және зиянды өндірістік факторлар – жоғары кернеудегі электр желілері, түңгі уақытта прожекторлық жарықтандыру т.б.

Осы факторлардың алдын алу және техника қауіпсіздігі маманының құрылыс объектісіндегі жұмысын, объектідегі жұмыскерлерге техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жүргізілетін оқу-жаттығу жұмыстарын қарастыру мақсатында Алматы қаласындағы «Bazis Construction» ЖШС компаниясының негізгі құрылыстық объектілеріндегі техника қауіпсіздігі бойынша өзекті мәселелерді қарастырамыз.

1 «Bazis Construction» компаниясының негізгі міндеттері

«Bazis Construction» құрылыс компаниясы құрылыс нарығында 1991 жылдан бері жұмыс атқарып келе жатқан және Қазақстан құрылыс индустриясының бастаушысының жоғарғы атағына ие компания болып табылады.

28 жыл ішінде «Bazis Construction» компаниясы 11 500 000 м² астам әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлер, 3 000 000 м² астам әлеуметтік және инфрақұрылымдық объектілер, жүздеген километр автокөліктік және темір жол жолдары салынды. Жыл сайын 350-400 мың м² ғимараттарды қолданысқа тапсырады.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясында 8200 жоғарғы білікті қызметкерлер қызмет атқарады және халықаралық тәжірибеге ие. Оған дәлел ретінде тек Қазақстанда емес, шет елдері – Ресей және Канада мемлекеттерінде де құрылыс объектілерінің тұрғызылып жатқанын айта аламыз.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының бірнеше ірі бизнес бағыттарына тоқталып кетейік:

- 1 Инвестициялық және девелоперлік қызметтер;
- 2 Жобалау және құрылыс;
- 3 Құрылыс материалдарын шығару;
- 4 Құрылыс материалдарын жалға беру;

Сонымен қатар, «Bazis Construction» компаниясы құрылыс мамандарын дайындайтын колледждермен серіктесіп, 2014 жылы «Келешек Іскер» бағдарламасын құрды. «Келешек Іскер» бағдарламасы аясында колледждің өндірістік білім беру шеберлері мен құрылыс-орнату басқармасының жетекшілері бірлесіп оқу бағдарламасын жасады. Бұл бағдарлама арқылы колледждерде білім алып жүрген 456 құрылысшыларға өндірістік тәжірибе өтуге мүмкіндік беріп және жұмыстары үшін төлем ақыларын төлеуге компания тарапынан 24 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. Дипломын алып жұмысын жалғастырған жас мамандарға компаниядан керемет жағдайлар жасалды: қала сыртынан келгендерге жайлы жатақхана берілді, көлікпен тасымалдау жүзеге асырылды, жұмыс киімі берілді және ары қарай жоғарғы білім алуға көмектесті. Аталмыш бағдарлама үшін 2014 жылдың күзінде «Bazis Construction» компаниясы «HR-бренд Қазақстан 2014» сыйлығына ие болды. Әлі күнге бұл бағдарла жалғасын тауып келеді. [6]

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу

Мен бұл бөлімде «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі бойынша өткізілетін оқу-жаттығу жұмыстарына тоқталатын боламын.

Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өткізілетін оқу жаттығу жұмыстарының мақсаты: «Bazis Construction» құрылыс компаниясының құрылыс объектілерінде жұмыс атқарар жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыскерлердің жауапты жұмыс аймағымен таныстыру, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының жұмыскерлер үшін маңыздылығын түсіндіру болып табылады.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының жұмыскерлерді техника қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу мақсатында техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженерлері дайындаған және компания президентінің бекіткен бағдарламасы болады және бұл бағдарлама компанияның ішкі құрылым құжаты болып табылады.

Бұл бағдарлама үш маңызды бөлімнен тұрады:

- 1 Негізгі жалпы мәселелер бойынша оқу курсы
- 2 Техникалық оқу курсы
- 3 Жұмыс орнындағы іс тәжірибе

Негізгі жалпы мәселелер бойынша оқу курсы - «Bazis Construction» құрылыс компаниясының офис қызметкерлеріне өткізіледі. Бұл курс күнделікті жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі бойынша және нормативтік-техникалық құжаттама "Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі" негізінде жүргізіледі.

Техникалық оқу курсы - инженерлерге, техника саласындағы мамандарға жүйенің жұмыс тиімділігі, сенімділігі, қауіпсіздігі және техникалық қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді, жүйені пайдалану бойынша жүргізіледі.

Жұмыс орнындағы іс тәжірибе - барлық тиісті қызметкерлер үшін практикалық сабақтарды қамтиды, іс тәжірибе бағдарламасы бойынша іске қосу алдындағы жөндеу жұмыстарын, пайдалануға беруді, іске қосуды және бастапқы пайдалануды, өндірістік сынақтарды қоса алғанда, барлық іске қосу-реттеу жұмыстары туралы оқу-жаттығуға қатысушы мамандарға анық түрде сипаттама берілуі тиіс. Сонымен қатар, іс тәжірибе жүргізу кезінде компания ІТВ құжатымен қарастырылған барлық құралдармен, жабдықтармен және басқа да заттармен оқу-жаттығуға қатысушы мамандарды толығымен қамтамасыз етуі міндетті.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының оқу базасы - оқу материалдарын, нұсқаушылар мен құралдарды қамтамасыз етеді. Іс жүзінде барлық теориялық сабақтар келісім-шартқа сәйкес оқыту үшін сыныпта

өткізілетін болады, компания құжат бойынша талап етілетін қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді және аппараттық құралдарды қамтамасыз етеді (Қосымша А). [9]

2.1 Басшыларға, мамандарға және инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған кәсіпорындардағы оқытылатын техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағдарламасы

Кәсіпорындағы техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағдарламасын компанияға қарасты «техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау» департаменті 2 бөлімнен, 40 сағаттан, 14 лекциядан тұратын, құрылыс объектісіндегі 36 техникалық мамандыққа арналған оқу бағдарламасын құрастырып, «Bazis Construction» құрылыс компаниясының президенті бекітеді. Аталмыш бағдарлама өндіріс саласындағы техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау сұрақтарына байланысты жалпы маңызы бар мәселелерді қарастырады:

- Еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясат және мемлекеттік органдардың құзыреті. Еңбек қатынастарының пайда болу негіздері. Еңбек келісім-шарты. Қызметкерлердің еңбек шартын реттеу ерекшеліктері;

- Еңбекке ақы төлеу және нормалау. Жұмыс уақыты. Демалыс уақыты;

- Еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың құқықтық негіздері (ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек Кодексі);

- Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларына құқығы, кепілдіктері; жұмыс берушінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері; қызметкердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері;

- ҚР Азаматтық кодексі. Өндірістік жарақат, кәсіптік аурулар кезінде денсаулыққа зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер. Еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;

- ҚР Қылмыстық кодексі. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту;

- Құрылыс саласындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік. Нормативтік құқықтық актілер. Мемлекеттік еңбек инспекциясы ҚР еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік, ішкі және қоғамдық бақылау;

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер. Мемлекеттік еңбек инспекциясы ҚР еңбек заңнамасын сақтауға мемлекеттік, ішкі және қоғамдық бақылау жүргізу; .

- Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері. Қызметкерлердің қауіпсіз еңбекке деген ішкі уәждемесін басқару және техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтау.

Еңбекті қорғау мәселелерін шешуге ықпал ететін адам факторы. Жарақаттанудың психологиялық (жеке) себептері. "Қауіпсіздік мәдениеті және еңбекті қорғау мәдениеті" ұғымын құру. Еңбекті қорғау бойынша мотивациялық әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру;

- Еңбекті қорғауды басқару жүйесін ұйымдастыру. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша талаптар. техникалық регламенттер және олардың мазмұны. халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттар(нормалар). Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйелері және оларды әзірлеу, енгізу, жұмыс жағдайында ұстау және тұрақты жетілдіру әдістері;

- Жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестігі. Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру. Ұжымдық келісім-шарт;

- Өнеркәсіп салаларын, ұйымдарды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау ерекшеліктері. Кәсіби аурудың алдын алу негіздері. Алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулер. Қызметкерлерді санитарлық-тұрмыстық қамтамасыз ету;

- Өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестаттау. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудан өткізудің тәртібі. Өндірістік объектілерді аттестаттауды рәсімдеу. Зертханалық және аспаптық өлшеулердің нәтижелерін рәсімдеу. Жарақат қауіпсіздігін және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін бағалау хаттамасын толтыру. Қорытынды жасау, іс-шараларды талдау және жоспарлау;

- Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі құжаттама.

- Өндірістегі жазатайым оқиғаларды, кәсіптік ауруларды тексеру және есепке алу тәртібі. Тергеу материалдарын ресімдеу. Жазатайым оқиғаларды есепке алуды және кәсіптік аурудың туындау себептерін арнайы тексеру тәртібі;

- Қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету және жеке қорғаныс құралдарының жіктелуі, оларға қойылатын талаптар. Жұмыскерлерге салаларына қарай жұмыс берушінің қаражаты есебінен арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен, ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

Оқытылған бағдарлама бойынша емтихан алынып, сынақтан сүрінбей өткен қызметкерлерге сертификат табысталады. (Берілген ақпарат қосымша Б көрсетілген) [9]

3 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне арналған техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтар.

3.1 «Bazis Construction» құрылыс компаниясына жұмысқа келген қызметкерге жүргізілетін кіріспе нұсқаулық.

«Bazis Construction» құрылыс компаниясына жұмысқа келген қызметкерге 9 бөлімнен тұратын кіріспе нұсқаулықты «еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі» департаментінің директоры құрастырып, «Bazis Construction» құрылыс компаниясының президенті бекітеді. Жұмыс орнына жаңадан келген қызметкерге кіріспе нұсқаулықты техника қауіпсіздігі инженері немесе жауапты тұлға жүргізіп, танысу журналына қол қойдыру міндетті болып табылады. Жаңадан жұмысқа келген қызметкерге берілуі керек ақпарат:

- Кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер, өндіріске тән ерекшеліктер;
- Қазақстан Республикасының еңбек кодексі, негізгі ережелері;
- Еңбек шарты, жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Жеңілдіктер және өтемақылар;
- Еңбек тәртібінің ішкі ережелері. Еңбекқауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауапқа тарту;
- Кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне мемлекеттік және қоғамдық бақылау жүргізу;
- Құрылыс алаңындағы жұмыскерлердің жалпы тәртіп ережелері. Негізгі және қосалқы ғимараттардың орналасуы;
- Құрылысқа тән қауіпті және зиянды өндірістік факторлар;
- Жеке және ұжымдық қорғану құралдары;
- Электр жаракатының алдын алу бойынша қауіпсіздіктің негізгі талаптары;
- Өндірістік санитарияның және жеке гигиенаның негізгі талаптары;
- Кәсіпорында және басқа да осыған ұқсас өндірістерде болған жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеру тәртібі;
- Өндірістік қауіпсіздіктің негізгі талаптары;
- Өрт қауіпсіздігі. Өрттің алдын алу тәсілдері мен құралдары. Қызметкерлердің өрт туындаған кездегі іс-әрекеттері;
- Алғашқы көмек. Жазатайым оқиға, авариялық жағдай туындаған кезде қызметкерлердің іс-әрекеттері; (Берілген ақпарат қосымша көрсетілген)

3.2 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және бойынша жүргізілетін жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулық.

Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулықты – құрылыс басталғанға дейін техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығудан өткен,

сондай-ақ құрылыс саласында тәжірибесі мол инженер немесе тікелей жұмыс жетекшісі өткізуге рұқсат етіледі және өтілген нұсқаулық бойынша қызметкерлердің жұмысқа жіберілмей тұрып білімін тексереді. Қызметкерлердің білімін тексеру ауызша жүргізіледі және нұсқаулық жүргізу мен білімін тексеру фактісі журналға немесе жұмыс жүргізуге рұқсат беру нарядында тіркеледі. Нұсқаулық өткізу фактісі қызметкердің және оны жүргізген инженердің өз қолымен расталады және тіркеу журналында өткізу күні көрсетіледі.

Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқаулық:

- 1 Жанадан жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлерге;
- 2 Басқа ішкі құрылым бөлімшелерінен ауысып келген қызметкерге;
- 3 Қызметкерге жаңа жұмыс аймағынан тапсырма берілген жағдайда;
- 4 Компания қызметкері болып табылмайтын азаматтарға (бөгде ұйымдардан іс-сапарға келген қызметкерлерге, өндірістік іс-тәжірибеден өтуге келген немесе өндірісте іс-тәжірибелік курстан өтетін жоғарғы оқу орындарының білім алушыларына сондай-ақ бөлінген аймақта жұмыс атқаратын бөгде ұйым қызметкерлеріне және өндірістік қызметке қатысатын басқа да тұлғалар)

Мұндай нұсқаулық жұмыс басталар алдында тікелей жұмыс орнында жүргізіледі. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулық арнайы әр техникалық маманға белгіленген «еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі» бойынша дайындалған бағдарлама болып табылады. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулық бағдарламасын қызметкерлердің өкілетті органымен келісіп, компания президенті бекітеді. Бағдарламаны техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау департаментінің бас инженері құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісе отырып, құрылымдық бөлімше туралы ережелерге, нормативтік актілерге сондай-ақ техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау заңнамаларына сәйкес әзірлейді және бағдарламада міндетті түрде қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Құрылыс аймағындағы технологиялық процесс және жабдық туралы жалпы мәліметтер;

- 2 Жұмыс орнындағы қауіпті және зиянды өндірістік факторлар;

- 3 Жұмыс орнындағы қауіпсіздікті ұйымдастыру;

- 4 Қауіпті аймақтар, машиналар, механизм, аспаптар; Жабдықтың қауіпсіздік құралдары (сақтандырғыш, тежегіш құрылғылар мен қоршаулар, бұғаттау және сигнал беру жүйелері, қауіпсіздік белгілері). Жарақаттанудың алдын алу бойынша қойылатын талаптар;

- 5 Жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің алдын алу бойынша жасалатын іс шаралар, қауіпті жағдай туындаған кездегі іс-әрекеттер.

- 6 Жеке қорғаныс құралдары және оларды пайдалану ережелері.

- 7 Жұмыс аймағының сызба нұсқасы;

- 8 Құрылыс аймағындағы көлік және жүк көтергіш құралдар мен механизмдер. Тиеу – түсіру жұмыстары және жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары;

- 9 Авариялардың, жарылыстардың, өрттердің, өндірістік жарақаттардың

сипатты себептері;

10 Авариялардың, жарылыстардың, өрттердің алдын алу шаралары. Апат, жарылыс, өрт болған кездегі қызметкерлердің атқаратын міндеттері мен іс-әрекеттері. Құрылыс аймағында бар өрт сөндіру, аварияға қарсы қорғау және сигнал беру құралдарын қолдану тәсілдері, олардың орналасу орындары. Авариялардың, жарылыстардың, өрттердің алдын алу шаралары.

Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жүргізілетін қайталама нұсқаулық – жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулықтан өткен барлық қызметкерлерге, алғашқы нұсқаулық бағдарламасы бойынша 6 ай ішінде жүргізіледі.

3.3 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және бойынша жүргізілетін жұмыс орнындағы жоспардан тыс нұсқаулық

Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жоспардан тыс нұсқаулық мынандай жағдайларда жүргізіледі:

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау заңы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде өзгерістер болған жағдайда сондай-ақ қолданыстағы еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарға өзгертулер болған кезінде;
- Құрылыс аймағына жаңа технологиялар, еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін жабдықтар, құрылғылар, құрал-саймандар әкелінген кезде;
- Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қызметкерлер бұзған кезде сондай-ақ талаптарды бұзғанның кесірі өндірістегі сәтсіз жағдайларды туындатқан жағдайда;
- Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талап етуі бойынша;
- Жұмыстан қызметкер күнтізбелік есеппен 30 күннен астам үзіліс алған жағдайда;
- Жұмыс берушінің шешімі бойынша (немесе уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша).

Негізгі бөлімді қорытындылайтын болсам, кез келген өндіріс түрінде, оның ішінде құрылыс саласында техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жүргізілетін оқу-жаттығу бағдарламаларының алар орны ерекше. Себебі, басында айтып кеткенімдей құрылыс саласы дамып тұрған тұста, одан келетін қауіптіңде басым болатыны белгілі. Жылына құрылыста болатын жазатайым оқиғалардың статистикасына сүйенсек, құрылыс аймағында жұмыс жасайтын жұмысшылардың техника қауіпсіздігіне салғырлықпен қарауынан болады. Сондықтан, техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығу бағдарламалары «Bazis Construction» құрылыс компаниясында бірінші орынға қойылған және бұл оқу-жаттығу курсы барлық маманға жүргізілуі міндетті.

4 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының құрылыс нысанындарына қойылатын талаптар, жазатайым оқиғаларды тергеп-

тексеру

Құрылыс саласында «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2008 жылғы 9 қарашадағы заңдарына, «Техникалық реттеу туралы» сәйкес әзірленген. Құрылыстар мен ғимараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар техникалық регламенті 2010 жылғы 17 қарашадағы №1202 болып тіркеліп, 2017 жылдың 30 қаңтарында өзгертілді.

Техникалық регламент адам өмірін, денсаулығын, мүлікті және қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар құрылыс объектілері мен құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты пайдаланушыларды жазатайым жағдайлардан сақтау және алдын алу мақсатында құрылыс объектілері мен құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Құрылыс объектілері және жобалау құжаттамасы мынандай ережелер бойынша жасалады:

- Жобалау құжаттамасы құрылыстың объектісі мен мақсатына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен жасалады, құрылысы салынбақшы болып отырған ауданда инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілердің техникалық шарттарына және тапсырысшының жобалауға арналған тапсырмасына сәйкес әзірленеді;

- Нарықта сатылатын және пайдалануға берілетін ғимараттар мен құрылыстар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес жобалау құжаттамасына немесе техникалық паспортына сай сәйкестендіріледі;

- Функционалдық мақсатына байланысты ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану процестері Қазақстан Республикасы заң актілерінің және осы Техникалық регламенттің ережелері негізінде сәйкестендіріледі;

- Ғимараттар мен құрылыстарды кейіннен кәдеге жаратудың технологиялық процестері «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы, 2015 жылдың 28 қарашасындағы өзгертілген Заңымен және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде белгіленген тәртіппен сәйкестендіріледі.

- Сәйкестендіру міндеттеріне байланысты ғимарат пен құрылыстың пайдаланудағы жағдайында инструменталды және көзбен шолу тексерулері жүргізіледі.

- Техникалық регламенттің техникалық реттеу құрылыс объектілерін сәйкестендіруді мыналар жүргізеді:

- Құрылыстағы (құрылысқа арналған жобалау, іздестіру, сараптау, зерттеу жұмыстары, тапсырыс бойынша құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіруді, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді қоса

алғанда) мердігерлік жұмыстардың тапсырысшы-инвесторы;

- Пайдаланудағы ғимарат пен құрылыс немесе құрылысы аяқталмаған объект түріндегі жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иесі;

- Өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі уәкілетті органдар.

- Техникалық регламентте белгіленген талаптар міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында әрекет етеді. [4]

4.1 Құрылыс. Құрылыс саласындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру

Тапсырыс берушілердің ұсынған келесі құжаттарының негізінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарынан толық немесе белгілі сатыда құрылыс жұмыстарына рұқсат беріледі:

- құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру туралы өтініш;
- жер телімдеріне, ғимараттарға, ғимарат кешендеріне, үйлерге берілген құқық реттеуші және құқық куәландырушы құжаттар;

- сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

- жобалық құжаттамалар;

- сәулет және қала құрылысы, санитарлық-эпидемиологиялық және өрт сөндіруді қадағалау мен мемлекеттік экологиялық сараптау органдарынан, сонымен бірге басқа да өкілетті органдардан барлық жоба бойынша қорытынды;

- жобаға мемлекеттік немесе тәуелсіз сараптамалардан қорытынды;

- құрылыс-монтаждау жұмыстары түрлеріне сәйкес өндіріс құқығына құрылыс салушының (тапсырыс беруші) немесе мердігершінің (құрылыс мердігерші әдіспен болғанда) лицензиясы;

- құрылыстың бас жоспары;

- авторлық қадағалауды жүзеге асыруға жобалаушылармен келісім-шарт;

- құрылыс үрдісінің технологиялық сүйемелдеуіне келісім-шарт;

Ескерту: құрылысты технологиялық сүйемелдеу мемлекеттік лицензиясы бар тұлғалармен жүзеге асырылады.

- Алматы қаласы әкімдігі өкілетті сараптау кеңесінің 9 баллдан жоғары сейсмикалық аудандардағы, тектоникалық жарықтар аймағындағы нысандарды орналастыру кезіндегі ғимараттардың биіктігіне берілетін қорытындысы;

- құрылыс жобасы бойынша (қажеттілік жағдайында) Алматы қаласы қала құрылысы кеңесінің оң қорытындысы;

- бұйрықтар және өндірістік жұмыс үшін жауапты және техникалық қадағалауды жүзеге асырушы тұлғаға қатысты белгіленген пішіндегі басқа да құжаттар;

- «Құрылыстың сейсмикалық төзімділігі» және «Құрылыстағы геодезия» курстары бойынша оқығаны туралы жауапты тұлғаның куәлігі;

- қоршауға (қажеттілік жағдайында) ордер беру;

- ғимараттарды, құрылыстарды және кешенді ғимараттарды (бұзу жағ-

дайында) бұзу актісі.

Құрылысқа рұқсат беру туралы өтінішті қарау мерзімі бір айға созылады, одан кейін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органынан құрылысқа рұқсат беріледі немесе рұқсат беруге дәлелді себеппен бас тартылады. Құрылысқа рұқсат бір жыл ішіндегі мерзімге беріледі. Құрылысқа берілетін рұқсаттың қолданылуы, құрылыс салушының (тапсырыс берушінің) немесе мердігерші (құрылыс мердігер әдісімен жүргізілгенде) лицензиясының қолданылу мерзімі секілді шектеледі. Рұқсат етілген құрылыс-монтаждау жұмыстары құрылыс салушының (тапсырыс берушінің) немесе мердігершінің (құрылыс мердігер әдісімен жүргізілгенде) лицензиясымен сәйкес болуы қажет. Құрылысқа берілетін рұқсат құрылыс салушының (тапсырыс берушінің) жазбаша өтініші негізінде ұзартылуы мүмкін.

Құрылысқа берілетін рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарау мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органынан жеті күн мерзім ішінде беріледі. Рұқсат берілген құрылысқа (қайта құрылымдау, жаңалау, кеңіту, күрделі жөндеу) жылжымайтын мүлік нысандарына құқық ауыстыру жағдайында, сол секілді мердігершілер алмасқан жағдайда рұқсаттың қолданылуы тоқтатылады. Құрылысқа берілген рұқсатты қайта тіркеуді мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы көрсетілген жылжымайтын мүлік нысанына құқық алушы және бекітілген жобалық құжаттарға сәйкес нысандар құрылысын (құрылымдау, жаңашалау, кеңіту, күрделі жоспар) жалғастыруға ниеті бар тұлғаның өтініші тіркелген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде жүргізеді. Жобалық құжаттардағы ұсынылған қызметтер өзгерген жағдайында және құрылыс нысанының мақсатты нысаны өзгерген жағдайда құрылысқа берілген рұқсат жойылады.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органынан құрылысқа рұқсат беруде, белгіленген тәртіпте келісілген және бекітілген сәулет-құрылыс құжаттамалары болмаған жағдайда бас тартылады. Құрылысқа берілген рұқсаттың қолданылуы, жұмыс жүргізу ережесінің бұзылуы анықталған жағдайда, бекітілген жобадан ауытқығанда және басқа да заңнамалар талаптары бұзылғанда, оның ішінде төменде көрсетілген мәселелер бойынша тоқтатылады:

- 1 Жер телімін мақсатсыз пайдалану;
- 2 Рұқсат етілген жер телімін пайдалануда жобалық құжаттамалардың сәйкес келмеуі;
- 3 Жобалық құжаттамалардың құрылыс нормалары мен ережелеріне, сол секілді қоршаған ортаны қорғау, тазалық және өртке қарсы нормативтерге, жол жүру қауіпсіздігі заңнамаларының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4 Сәулет-монтаждау жұмысының орындалуы бекітілген жобалық құжаттарымен сәйкес келмеуі.

Бұл туралы құрылыс салушыға (тапсырыс берушіге) жазбаша түрде хабарлама және тиісті жазбаша өкім беріледі. Құрылысқа рұқсат етілген құрылыс-жинақтау жұмысын орындау үшін бақылау, қала құрылысы регламенттеріне, мемлекеттік стандарттар мен нормативтерге сәйкес, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органымен жүзеге асырылады.

Құрылысқа рұқсат беру екі сатыда жүзеге асырылады:

1 құрылыс салушылармен (тапсырыс берушілермен) құрылыс аумағын дайындау: құрылыстың бас жоспарына сәйкес, құрылыс алаңының аумағын қоршау; нысанның негізгі көрсеткіштері көрсетілген төлқұжатты орнату; құрылысты бұзу; уақытша ғимараттар мен құрылыстарды орнату және оларды уақытша ішкі алаңдық желілерге қосу; уақытша инженерлік желілерді салу; уақытша жүретін жолдарды, өткелдерді және алаңдарды, көлік және арнайы көліктердің дөңгелегі мен шамақтарын жуу жабдықтарын қондыру; шұңқырларды қазу;

2 құрылыс салушы (тапсырыс беруші) құрылыс алаңының дайындығы туралы актіні ұсынғаннан кейін, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау департаменті органынан заңнамаларға және осы ережеге сәйкес, құрылыс салуға рұқсат беріледі. [4]

4.2 Құрылыс алаңдарының жағдайы және құрылыстағы жүктерді тасымалдау бойынша талаптар

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат бергеннен және құрылыс салушылар келгеннен бастап, ол орын құрылыс алаңы болып табылады. Құрылыс алаңының шекарасы мүдделі барлық органдар мен қызметтердің және құрылыс салушылардың және тапсырыс берушілердің келісімімен, қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес дайындалған құрылыстың бас жоспарымен анықталады.

Құрылыс алаңы, ол жерде орналасқан ғимараттар, уақытша құрылыстар мен кешенді ғимараттар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарына, мемлекеттік стандарттар мен нормативтерге, сол секілді Алматы қаласы аумағындағы көріктендіруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талабына сәйкес болуы міндетті. Нысандар құрылысы кезінде, өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаланы көріктендіруде теріс ықпал ететін ластануларға жол бермеу, құрылыстың жайлы технологиялық үрдісін және эстетикалық түйсігін құру мақсатында, екі метрден кем емес биіктігі бойлық толқындағы сырланбаған пішінде құрылыс алаңдарының периметрі бойынша мырыштан қоршау орнатылады. Бұдан басқа, атмосфералық ауадағы өлшенген заттармен (шаңдар) ластанғанда, шаңнан қорғайтын экранмен құрылыс нысандарын жабу түрінде табиғатты қорғау шаралары орындалады.

Құрылыс материалдары мен құрылыс қоқыстарын тасымалдау кезінде, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көлік құралдарының жұптасу бөлімі арнайы материалдармен сәйкес болуы керек, бұл жағдай жүретін жолды ластануды және апат жағдайларын болдырмайды. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаларының талабымен жүргізілген құрылыс-монтаждау жұмысына, мемлекеттік стандарттар мен нормативтерге сәйкес, тапсырыс беруші, мердігерші (нысан

құрылысы мердігерлік тәсілмен жүргізілген жағдайда) жоба авторы, авторлық қадағалауды және технологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырушы тұлға туралы ақпарат, құрылыс-монтаждау жұмысын жүргізу және авторлық қадағалаудың, технологиялық сүйемелдеу жұмыстарының нәтижесі туралы мәлімет, құрылыс нысандарындағы өндірістік, коммуналдық, тұрғын үй (үш және одан да көп қабатты) тағайындаулары құрылыс төлқұжатында қамтылған. Құрылыс төлқұжатының пішіні Алматы қаласының қала құрылысы кеңесімен бекітіледі. Күту, тіркеу, басқару, рәсімдеу және сақтау тәртібі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органымен анықталады. 1-суретте Алматы қаласы, Сәтбаев көшесіндегі «Bazis Construction» құрылыс компаниясына қарасты JAZZ тұрғын үй кешенін салу барысындағы құрылыс алаңы көрсетілген.[4]



1 - Сурет - «Bazis Construction» құрылыс компаниясына қарасты JAZZ тұрғын үй кешенін салу барысындағы құрылыс алаңы

4.3 Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын рәсімдеу тәртібі және оларды есепке алу

Ауыр жарақаттарға әкеп соққан, адам өлімінен аяқталған және еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиғалар арнайы тергеп-тексеруге жатады.

Тергеп-тексеру арнайы тергеп-тексеру актілерінің нысандарын және еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиғалар, кәсіптік аурулар туралы актілердің нысандарын еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Акт тергеп-тексеру мәліметтеріне сәйкес рәсімделуі қажет.

Егер комиссия еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайды тергеп-тексеру кезінде өрескел қателіктерді байқаған болатын болса, жұмыскер мен жұмыс берушінің кінәсінің дәрежесін пайызбен анықтайды.

Егер еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің біреуі көпшіліктің шешіміне (қорытынды) келіспеген жағдайда, өзінің пікірін тергеп-тексеру материалына қосу үшін жазбаша түрде ұсынады. Ол арнайы тергеп-тексеру актісіне «ерекше пікірге кара» деген ескертпемен қол қойылады.

Тергеп-тексеру нәтижесімен зардап шегуші келіспеген жағдайда немесе еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдай туралы акт уақытылы рәсімделмеген жағдайда, зардап шегуші немесе оның сенім білдірілген адамының жұмыс берушіге жазбаша түрде жүгінуэне болады және жұмыс беруші олардың өтінішін он күн мерзімде қарауға және мәні бойынша шешім шығаруға міндетті.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, оны рәсімдеу не болмаса тіркеу мәселелері бойынша құрылыста болған оқиғалар кезінде зардап шегуші мен жұмыс беруші арасындағы не болмаса тергеп-тексеру жұмыстарына тікелей қатысы бар өнеркәсіптік қадағалау саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор арасындағы туындаған келіспеушіліктерді тиісті жоғары тұрған бас мемлекеттік еңбек инспекторына шағымдануына болады.

Жоғары тұрған бас мемлекеттік еңбек инспекторының еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру мәселелері бойынша шешімі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген нысан бойынша қорытынды түрінде рәсімделеді.

Бұл бөлімді қорытындылайтын болсам, өндірістің қай түрін алсақта техникалық реттеу заңнамасының атқарар рөлі көп. Оның ішінде құрылыс саласында, құрылыс нысандарында техникалық реттеу заңнамаларына сай қызмет атқарылмайтын болса немесе техникалық реттеу заңнамасына сай техникалық құрал-жабдықтар тексерістерден өткізіліп отырмаса, біріншіден құрылыс нысандарындағы жұмыскерлердің денсаулығына қауіп төнеді, екіншіден компанияға экономикалық шығын алып келетін жазатайым жағдайлар болу ықтималдылығы артады. Сол себептен «Bazis Construction» құрылыс компаниясында құрылыс нысандарында қызмет атқарар жұмысшылардың денсаулығын сақтау және компанияға тиесілі техникалық көліктердің, құрал-жабдықтардың дұрыс жұмыс атқарып тұруы әрдайым тексеріледі.

5 «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері

«Bazis Construction» құрылыс компаниясы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетіне Қазақстан Республикасы Кодексінің 381 – бабына сәйкес жыл сайын құрылыста болып жатқан жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтерін тапсырып отырады. Ескере кететін жағдай, статистикалық мәліметтерді тапсырмау немесе айтылған уақыт аралығында тапсырмау ҚР Кодексі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» заңында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық болып есептеледі. Сонымен қатар, статистика мәліметтері Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылы 27 қыркүйекте №227 бұйрығында көрсетілген 9 қосымша түрінде жасалады. Ескерте кететін жағдай, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлердің өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесіне сәйкес жазатайым оқиғалар тіркелген заңды тұлға тапсырады. Бұл статистикалық мәліметте компанияның тұрақты мекен-жайы, жазатайым оқиға болған күні, зардап шегішінің жынысы, жасы, қай жұмыс ауысымында болғандығы, сот-медициналық сараптамасына сәйкес зардап шегушінің жазатайым оқиға сәтіндегі денсаулық жағдайы, алған жарақат түрі, жазатайым жағдайдың себеп-салдары, зардап шегушінің еңбекке қабілеттілігі, еңбекке жарамсыздығына байланысты компания тарапынан төленген қаржы соммасы көрсетіледі. (қосымша В) [8]

5.1 «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы 2017 жылы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының 2017 жылы құрылыс алаңдарында болған жазатайым оқиғалардың статистикалық мәліметтері компанияға қарасты «Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» департаментінің берген ақпарат көздерінен алынды. (қосымша Г)

1-Кесте – «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы 2017 жылы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері

Құрылыс нысаны	Т.А.Ә	Мамандық	Оқиға болған күні	Жазатайым оқиға сипаттамасы	Жұмыс беруші	Жарақат дәрежесі
«Алмалы»	Мамуталиев Жандарбек Толегенович	Ағаш ұстасы	23.01.2017 ж	Қалыптың сынып басына құлауы (бас жарақаты)	Сайлевханов С.	Жеңіл. Бас жарақаты жазылды.

5.2 «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы 2018 жылы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері

«Bazis Construction» құрылыс компаниясының құрылыс алаңдарында 2018 жылы болған жазатайым оқиғалардың статистикалық мәліметтері компанияға қарасты «техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» департаментінің берген ақпарат көздерінен алынды. (Қосымша Д).

2 Кесте – 2018 жылғы «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың статистикалық мәліметтері

Құрылыс нысаны	Т.А.Ә	Мамандық	Оқиға болған күні	Жазатайым оқиға сипаттама-сы	Жұмыс беруші	Жарақат дәрежесі
«Bazis Construction» ЖШС	-	-	-	-	-	-
«Сити Building құрылыс» ЖШС	Аймамбетов Н.А	маляр	09.07.2018 ж	Арматура-лық қаңқадан соққы алды		ауыр
«Самрук» ЖШС «Акварель» құрылыс нысаны	Козлов С.	Инженер-геодезист	04.01.2018 ж	Баспалдақтан түсу кезінде құлаған		ауыр
«Kuiomars treuding» ЖШС	Мадигалиев Н.Ш	Кірпіш қалаушы	26.11.2018 ж	ісіну	Аргынбаев Н.А	жеңіл

«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы болған жазатайым жағдайлардың Статистикалық комитетке берген мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2017-2018 жылдары жазатайым жағдайлар саны аз деңгейді көрсетеді. Бұл дегеніміз, Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығу жұмыстары өз септігін тигізіп жатқанын тағы бір дәлелдейді. Егер, біз қауіпсіздік саласына немқұрайлылықпен қарайтын болсақ, статистикада сол мәліметтерді көрсетер еді.

6 «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғау шараларын ұйымдастыру

6.1 «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы электр қауіпсіздігі бойынша инженерлік есептеулер

«Bazis Construction» құрылыс нысандарында электр қауіпсіздігінен қорғану шараларының барлық түрлері жүргізіледі.

Қызмет көрсететін электр қауіпінен қорғаудың негізгі түрі боп қорғаныс мақсатындағы жерге қосу саналады.

Жобаланған нысандарда электр тұтынушыларын нәрлендіру көзі 1кВ дейін бес желілі 400/230В жерге қосылған жабық бейтарабы бар торы қабылданған. Электрден қорғау шаралары ретінде барлық электр қондырғылары үшін нөлдендіру қолданады. Бес желілі жүйені қолдану кезінде жеке прокладка қарастырылған сондай-ақ нөлдік жұмыс өткізгіші және қорғаныс нөлдік өткізгішін пайдалану қорғаныс құрылғыларының жұмысының сенімділігін арттырады.

Электр тоғынан қорғану мақсатындағы нөлдендіру апатты учаскінің басындағы зақымдалған фазаны қорғаныс аппараты көмегімен автоматты түрде өшірілуін қамтамасыз етеді. Тарату шкафтарының нөлдік шиналары нөлдік өткізгіш арқылы нәрлендіруші сызықтан ЩСУ-0,4кВ және РУНН-0,4 кВ секциясының нөлдік шинасына қосылады. Тарату құрылғыларының нөлдік шиналары күштік трансформаторлардың станциясындағы бейтарап жерге қосуға тікелей жалғанған.

Құрылыстар мен ғимараттарды найзағайдың тура соғуынан сақтау үшін ең биік құрылыстарда найзағай ұстағыштар қарастырылған. Барлық найзағай ұстағыштар жерге қосу құрылғыларына қосылған.

Барлық нәрлендіруші және тарату торлары қысқа тұйықталудан және басқа да қорғаныс түрлерімен жабдықталған. Жарылыс қауіпі бар зоналарда міндетті түрде жүктеліп кетуден сақтандыру қорғаныстары көрсетілген.

Күштік трансформаторларды сақтандыру қосқыштар көмегімен іске асады.

Жерге қосу құрылғыларының максималды кедергісінің мәні топырақтың жоғары кедергісін ескере отырып (шамамен 700 Ом) келесіде көрсетілгендей мәнге ие болады:

1кВ тан 10кВ дейінгі қазіргі заманғы электр құрылғыларының жерге қосу ҚБҚ 245-07 бойынша

- қондырғылары үшін 10 Ом көп емес;
- найзағайдан қорғау үшін 10 Ом көп емес;
- статикалық электр үшін 100 Ом дейін.

Жобалайтын бөлімшеде әртүрлі жабдықтар қауіпті жағдайлар туғызады: электрлік жетек (іске қосып қадағалау аппаратыда жатады), жүк көтеру – транспорттардың электр жабдықтары, зауыт ішіндегі электрленген транспорт. тоғы бар қондырғылардан сақтану үшін келесі шараларды іске асырады:

- оқшаулау, Т.В.Ч. қондырғысын қоршау, тоқ жүретін бөлімдерді алыстату;
- қашықтан басқаруды пайдалану арқылы; ескерту қағаздары мен

оқшаулау арқылы, шұғыл дабыл орнату, магнитті іске қосқыш арқылы қашықтан қосылу мен өшуді пайдалану;

- Қауіптің бар екенін ескертетін ескертпелік қағаздарды кең түрде пайдалану.

Егерде жұмыскер электрмен жалғанған металдық бөліктерге қолы тиіп кетпеу үшін электрі бар металдық бөліктерді жерлендірген жөн. Яғни, электрлі метал бөліктерін жермен байланыстыра отырып жалғау.

Жалпы жұмыс істеу барысында жұмыскер электр тоғына түсіп қалмас үшін өте мұқият жұмыс істеу керек, яғни қандай да бір қауіп төндіретін жерде жұмысшы жұмыс істейтін болса онда, сол жұмысшыны сақтандыратын белгілер немесе еңбек қорғау бойынша қарастырылған мәселелер ескерілуі тиіс.

Құрылыс нысанын жерлендіру барысында жерлендіргіш тоғын не болмаса сымын өте мұқият түрде орналастырған жөн. Себебі электр тоғы ашық күйінде қалса оған жұмыскерлердің тоққа түсіп қалу қаупі бар.

Топырақтың жерлендіргіш түрлері: кесекөлденең орналасқан сырық тәріздес (кұбыр тәріздес) жерлендіргіш $L=3\text{м}$, $d=0,07\text{м}$, горизонтальді жалпақ қалыңдығы $b=0,6\text{ см}$, ал көлемі $h=8\text{ см}$. Топырақтың меншікті кедергісі (топырақ түрі) $j=1 \cdot 10^4$. Топыраққа жерлендіру тереңдігі:

$$t=0,4+t \quad (1)$$

Бұл жерде $t_1=0,7\text{м}$ – жерлендіргіш бүйіржақ бетінің жер топырағына дейінгі арақашықтығы.

$$T=0,4 \cdot 3+0,7=1,9\text{ м.}$$

Топыраққа тікелей кіргізілген бірлік жерлендіргіштің қарсылығы:

$$R_3 = \left[\frac{0,366y}{L} \right] \times \left[\lg \frac{2 \times L}{d} + 0,5 \lg \frac{4t + L}{4t - L} \right] \quad (2)$$

$$R_3 = \left[\frac{0,366 \times 1 \times 10^4}{300} \right] \times \left[\lg \frac{2 \times 300}{7} + 0,5 \lg \frac{4 \times 220 + 300}{4 \times 200 - 300} \right] = 58,5 \text{ Ом.}$$

Қажетті жерлендіргіштер саны:

$$N = \frac{R_3 \times K_c}{R_d \times \eta_3}; \quad (3)$$

Бұл жерде: $K_c=1,1$ - қалыпты ылғалдылығы бар төртінші климаттық зонадағы ауа-райы кезеңінің сыйымдылығы; $\eta_3= 0,6$ – тік жерлендіргіштерді пайдалану сыйымдылығы.

ПЭУ-ға байланысты 1000 В-қа дейінгі электрқондырғыларда жерлендір-

гіш құрылымның кедергісі 4 Ом-нан аспауы керек.

$R_d=4$ Ом – жерлендіргіш құрылғының жіберілетін кедергісі.

$$N = \frac{58,5 \times 1,1}{4 \times 066} = 27 \text{ дана.}$$

Қосқыш тілімнің ұзындығы:

$$I_{\text{тілім}} = 1,05 \times 2L \times N: \quad (4)$$
$$I_{\text{тілім}} = 1,05 \times 2 \times 300 \times 27 = 170\text{м.}$$

Біріктіруші тілімнің кедергісі:

$$R_{\text{тілім}} = \frac{0,366 \times y}{I_{\text{тілім}}} \times \lg \frac{2 \times I_{\text{тілім}}^2}{0,6 \times h} \quad (5)$$
$$R_{\text{тілім}} = \frac{0,366 \times 1 \times 10^4}{17010} \times \lg \frac{2 \times 17010^2}{0,6 \times 8} = 1,7\text{Ом.}$$

Жерлендіргіш құрылғының жалпы кедергісі:

$$R = \frac{R_3 \times R_{\text{тілім}}}{R_3 \times \eta_{\text{тілім}} + R_{\text{тілім}} \times \eta_3 \times N}; \quad (6)$$
$$R = \frac{58,5 \times 1,7}{58,5 \times 0,8 + 27 \times 1,7 \times 0,6} = 1,33\text{Ом.}$$

Қорытындылайтын болсақ жобалайтын жерлендіргіш – саны 27 тік орналасқан құбыр тәріздес жерлендіргіштен тұрғызылған. Ұзындығы 3 м және диаметрі 0,04 м.

Кесекөлденең орналасқан жерлендіргіштің – ұзындығы 170 м болат тілімінен тұрады, қимасы $6 \times 80\text{мм}$, жерге 0,7 мм-ге дейін кіргізілген, ПЭУ талаптарына сәйкес келеді. ($1,33 < 4\text{Ом}$).

6.2 Кешкілік кезде прожекторлық жарықтандыру бойынша инженерлік есептеулер

«Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы құрылыс жұмыстары

нысандарында жұмыстың өнімділігі үшін, қауіпсіздігі үшін, кешкі және түнгі уақыттарда жұмысшылардың қауіпсіздігін ойлау мақсатында жасанды жарықтандыру көздерін қолдану сондай-ақ жарықтың шамасы жеткілікті түрде болуы маңызды болып табылады. Прожектордың жарықтандыруын таңдау еңбектің негізгі элементі болып табылады. Прожектордың жарығына үлкен мән беру керек, ол өшпеуі тиіс және прожектор жарығымен жарықтандырғанда көлеңке түсу ең төменгі есептік көрсеткішті көрсетуі тиіс.

Прожектордың есептік саны мына формуламен есептеледі:

$$N = m E_H \cdot R \cdot S / P_{\text{Л}} = 0,2 \cdot 2 \cdot 1,6 \cdot 15000 / 1000 = 9,6 \text{ дана.} \quad (7)$$

мұндағы m -жарықтың түсу коэффициенті;

ЛП үшін $m=0,2$;

E_H - жарықтандырылу нормасы, лк;

R - қор коэффициенті, $R=9,6$;

S - аймақтың ауданы, м^2 ;

Сонымен дипломдық жұмысымда есептердің есептелу мәні бойынша ПЗС-45сЛН220-1000 типті прожекторын таңдаймыз.

ЛН Г220-1000 болғанда

$I_{\text{max}}=130000 \text{ К}_д$ (есептеу үлгісінің 2 тобын қабылдаймыз)

Осыған байланысты прожектордың ең кішкентай биіктігі мына формуламен есетеледі.

$$h_{\text{min}} = \sqrt{(130000/150)} = 29 \text{ м.} \quad (8)$$

Қорытындылайтын болсам құрылыс саласындағы, электр қауіпсіздігіне байланысты есептеулерді басты энергетик есептеп шығарады және құрылыс нысанындағы жерлендіру жұмыстарының басы қасында өзі жүреді. Техника қауіпсіздігі бойынша электр тоқтары ашық жатпауын, ол жерде жұмыс істейтін жұмыскерлердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында техника қауіпсіздігі инженері жұмысты тексерістен өткізеді. Кешкілік уақытта прожекторлық жарықты қолдану құрылыс нысанында қолдану жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін әлде қайда қолайлы болып табылады. [7]

7. «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы қызметкерлерге арналған жеке қорғаныс құралдары

Қазіргі заманғы құрылысшының сапалы жұмысын жеке қорғаныс құралдарынсыз елестету қиын. Сонымен қатар, еңбек заңнамасына сәйкес құрылысшыларға арнайы киімді жұмыс беруші беруге міндетті. Құрылысшыларға берілетін киімдер саны және жеке қорғаныс құралдар ұжымдық келісім шартта, дәлірек айтқанда келісім шарт қосымшасында көрсетіледі. Құрылысқа арналған заман талабына сай жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары мен арнайы киім түрлерін толығырақ қарастырайық:

Қорғаныш көзілдіріктер мен маскалар

Көзілдірікті құрылысшылар кез келген жұмысқа пайдаланылады, оларды шаңнан, ұшқыннан қорғайды. Слесарлық, ұсталық жұмыстар үшін поликарбонаттан немесе силиконнан жасалған қалыпты көзілдірік жасалады. Әсіресе, дәнекерлеу жұмыстарына көзілдірікті дұрыстап таңдаған жөн, себебі дәнекерлеу кезінде оттан ұшқан ұшқындар дәнекерлеушіні кәсіби ауруға шалдықтыруы ықтимал. Мұндай көзілдірік немесе экран қыздырылған металдың тілімдерінен ғана қорғап қоймай, сондай-ақ жарық сүзгілерімен болуы тиіс. Кейде құрылысшының жұмысында бензопиламен немесе болгаркамен сенімді жұмыс істеуі үшін күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік болуы қажет.

Қолғаптар мен крагалар

Қолғаптар мен крагалар агрессивті химиялық ортадан қорғану үшін және дәнекерлеу жұмыстары кезінде пайдаланылады. Крагалар қолғаптан қарағанда жақсы қасиетке ие, себебі қолды шынтаққа дейін жауып тұрады. Қазіргі заманғы дәнекерлеуге арналған крагалар мен қолғаптар былғары тері мен замждан жасалады, қолғаптардың ішіндегі ең арзаны брезент қолғаптар болып табылады. Қолғаптың қасиеттерін жақсарту үшін полимерлік жабынды, нитрил пайдаланылады, ал қолғаптың сыртқы жақ бетін жүннен жасайды. Бұл құрылыс материалдарымен жұмыс істеуді жеңілдетеді.

Арнайы киім және аяқ киім

Құрылысшының арнайы киімі мен аяқ киімі оның жұмыс түріне сәйкес таңдалады. Мысалы, дәнекерлеушінің брезент костюмі дәнекерлеу жұмысынан ұшқан ұшқыннан қорғайды және шоқ тисе жанбайды сондай-ақ ылғалды, жылуды жақсы өткізеді. Егер құрылысшыға ұзақ уақыт тіземен отырып жұмыс істеуге тура келсе, арнайы тізеге күш түсірмеу үшін тізе қорғаныс құралы (наколенник) пайдаланылады. Құрылысқа арналған арнайы аяқ киімнің берік кедір-бұдырлы табаны болуы тиіс. Құрылысшылар құрылыс алаңында бір-бірін анық көруі үшін және құрылысшының қауіпсіздігін сақтау мақсатында қалған арнайы киімдер үстінен киетін қызғылт сары желеткелер қолданылады.

Газқағар және өрт сөндіргіш

Газқағарлар мен өрт сөндіргіштер құрылыс объектісіндегі құрылысшылардың санына және құрылыс алаңының аумағына байланысты орнатылуы тиіс. Олардың болуын өрт инспекциясы тексереді. Өрт сөндіргіштер ұнтақ, су, газ немесе көбік түрінде болуы мүмкін. Газқағарлар және олардың сүзгілерінің жұмыс қабілеттілігі уақытында тексерілуі тиіс. Егер тыныс алу

органдарын тек ұсақ шаңнан немесе бояудың булануынан қорғау қажет болса, онда респиратор пайдаланылады.

Каска

Құрылысшыға арналған каска - құрылыс алаңындағы гардеробтың міндетті заты болып табылады. Ол бетонның сынықтарынан, шегелерден, зиянды сұйықтықтардан, жоғарыдан құлайтын әр түрлі құрылыс материалдарынан бас сүйегін қорғайды.

Құрылыс саласындағы жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының маңызы өте зор. Соның ішінде, құрылыс аймағында жұмыс істейтін жұмыскерлердің сенімділігі жоғары қауіпсіздік белбеулерімен толық қамтамасыз етілуі міндетті. Құрылыс бір орнында тұрмайды және салынып жатқан ғимараттар биіктеген сайын құрылыс саласындағы жұмыскерлердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарда арта түседі. Сол себептен «Bazis Construction» құрылыс компаниясы жұмыскерлерге берілетін жеке және ұжымдық қорғаныс киімдерімен қамтамасыз етуді бірінші орынға қояды.

2-суретте «Нұрлы Тау» тұрғын үй кешені құрылыс аймағында «Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» департаментінің бас инженері Мойорова Татьяна Анатольевна, құрылыс нысаны бойынша жауапты инженер Алексеев Александр Владимирович



2-Сурет - «Нұрлы Тау» тұрғын үй кешенінің құрылыс алаңы

ҚОРЫТЫНДЫ

Мен дипломдық жұмысымда «Bazis Construction» құрылыс компаниясындағы техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын қарастырдым. Қазіргі таңда өндіріс орындарында

кездесетін сәтсіз жағдайлардың негізгі себебі:

1 Мамандардың өз жұмысына жауапкершілікпен қарамауы, қызметіне сәйкес білімінің жетіспеушілігі.

2 Құрылыс саласында негізгі ҚР ҚНЖЕ, СанНЖЕ, сондай-ақ ҚР Техникалық реттеу, техникалық регламент шарттарын қадағаламау.

3 Басшыларға, құрылыс аймағындағы техникалық мамандарға, құрылыс нысанының жауапты тұлғаларына техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу-жаттығу бағдарламалары.

4 Құрылысқа жаңадан келген қызметкерлерге нұсқаулықтар жүргізу. Нұсқаулықтардың маңызы.

5 Техника қауіпсіздігі шараларының дұрыс ұйымдастырылмауы: түнгі уақытта қажетті прожекторлық жарықтармен қамтамасыз етілмеуі, электр қауіпсіздігі.

Сонымен қатар, дипломдық жұмысымда құрылыс объектісінің техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша мәселелері, атап айтқанда эдектр қауіпсіздігіне байланысты құрылыста болатын сәтсіз жағдайлар, электр жабдықтарын жерге қосу бойынша тоқталып кеттім.

Қорыта келе, «Bazis Construction» құрылыс компаниясының 2017-2018 жылдары болған сәтсіз жағдайлардың статистикалық мәліметтеріне тоқталып кеттім. Компанияның Статистикалық агенттігіне берген мәліметтеріне сүйенсек, сәтсіз жағдай құрылыс нысандарында аз дәрежеде көрсетілді. Себебі, «Bazis Construction» құрылыс компаниясы техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша техникалық мамандарға жүргізілетін оқу-жаттығу бағдарламаларына баса назар аударады. Әр жыл сайын бағдарламалар компанияға қарасты «Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» департаменті инженерлерімен қарастырылып, техникалық регламентке сүйеніп жаңартылып отырады.

Қазақстан Республикасында құрылыс нысандарында болатын жалпы өндірістік өлім шығынының бір себебі, қауіпсіздік белдігін қолданбау болып табылады. Сол себептен ең басты жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеке қорғаныс құралдарының жеткілікті түрде болу керектігін ескереміз, сонымен қатар пісіру-дәнекерлеу жұмыстарына керекті жеке қорғаныс құралдарының сапалы болуы да бірінші орынға қойылғаны жөн. [5,2]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР – ның Еңбек кодексі, 2015ж.

2 Безопасность и охрана труда, Дурановская Г.П 2018 г 92 стр 18-47стр

3 Трудовое право Казахстана. Общая часть. Учебник Хамзин А.Ш.,

Хамзина Ж А 2018 г, 208 ст., 164 – 182 ст.

4 2010 жылғы 17 қарашадағы N 1202 болып тіркелген, 2017 жылдың 30 қаңтарында өзгертілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар техникалық регламенті».

5 Еңбек қауіпсіздігі және заңнама жинағы, Омарғалиев С.К 2018 ж 178 б, 110-138 б

6 <http://bazis.kz/> «Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының компаниясының ресми сайты

7 <https://www.enbek.gov.kz/ru/taxonomy/term/16> ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты

8 <http://stat.gov.kz/> ҚР Ұлттық экономика министрі Статистика комитетінің ресми сайты

9 «Bazis Construction» құрылыс компаниясының «техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» департаментінен алынған құжаттамалар

10 «Құрылыс саласындағы өзекті мәселелер» Альдекенов А.М. 272 б 95-130б

ҚОСЫМША А

«Bazis Construction» Жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі		Товарищество с ограниченной ответственностью «Bazis Construction»
---	--	---

Рег. № документа: ВС-

Введено в действие « 08 » января 2018 г.

Редакция № _____

УТВЕРЖДАЮ
 Президент
 ТОО «Bazis Construction»
Ж.Н. Нутыманов
 « 08 » января 2018 г.




ПРОВЕДЕНИЕ ОБУЧЕНИЯ

	Должность	ФИО	Подпись	Дата:
Разработчик:	Начальник отдела БиОТ	Узакбаева С.С.		25.04.2018
Согласовано:	Главный инженер	Садыков Н.Т.		25.04.2018

Настоящий документ является внутренним нормативным документом ТОО «Bazis Construction» и не подлежит представлению другим сторонам, кроме аудиторов органов сертификации, а также организациям-партнёрам с разрешения Президента Компании.

г. Алматы 2018 г.

ҚОСЫМША А-ның жалғасы

	ТОО «Bazis Construction»	Рев. 1
	Проведение обучения	Пер. № ВС

1. Введение

В этом документе приводится основной план работ по обучению в рамках проекта Проект системы управления водными ресурсами компании ТОО «Bazis Construction».

Целью данного плана является обеспечение того, чтобы операторы владельца могли обеспечивать работу и обслуживание завода до его передачи владельцу посредством обучения соответствующего персонала.

ТОО «Bazis Construction» предоставит программу обучения для персонала владельца в ходе реализации проекта. Эта учебная программа будет состоять из учебных курсов по «Основным общим вопросам» и «Техническим вопросам» в ходе реализации проекта. Учебные курсы по Общим вопросам будут посещать назначенные сотрудники Владельца, и обеспечит слушателям необходимый уровень подготовки для выполнения своих повседневных обязанностей в головном офисе или на рабочей площадке в соответствии с требуемыми и предусмотренными стандартами. Инженеры и технические специалисты Владельца будут посещать учебные курсы по «Техническим вопросам» по оборудованию и системам. Техническая подготовка может проходить в форме практических занятий или презентаций в классе. Техническая подготовка, связанная с технологическими установками и оборудованием, оборудованием и системами, должна обеспечить Персонал Владельца необходимым опытом и знаниями в области осуществления соответствующей установки, проведения испытани

й, ввода в эксплуатацию, эксплуатации и технического обслуживания.

2. Программа обучения

2.1. Объем работ

В соответствии с классификацией строительной площадки объем работ по обучению будет включать следующее:

- Теоретическую подготовку;
- Практика на рабочем месте.

ТОО «Bazis Construction» будет предоставлять услуги по обучению супервайзеров, операторов, инженеров и технических специалистов, осуществляющих техническое обслуживание и обеспечение работы всей системы. Обучающиеся должны научиться обеспечивать эффективную, надежную, безопасную эксплуатацию системы, а также ее техническое обслуживание, и постепенно принимать на себя обязанности по обеспечению эксплуатации и техническому обслуживанию системы.

Детальный план обучения будет выпущен Рабочей Группой Проекта на этапе детализированного проектирования.

2.2 Теоретическая подготовка

Программы теоретической подготовки включают следующие 4 категории:

2.2.1. Категория первая: Общая теоретическая подготовка

Этот курс категории 1 обеспечивает знания и предусматривает знакомство с принципом работы системы руководству и операторам установки, а также персоналу, осуществляющему техническое обслуживание, включая работников КИП, которые будут принимать участие в Детализированной разработке проекта.


Место обучения: Рабочая площадка в Казахстане

2.2.2. Категория вторая: Специальная теоретическая подготовка

Целью этой второй категории является углубленное понимание обучающимся принципов работы основного оборудования GTP, предоставить подробные процедуры эксплуатации и технического обслуживания.

Место обучения: Рабочая площадка в Казахстане

Отчет подобия



Университет:	Satbayev University
Название:	«Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясының жұмыскерлеріне техника қауіпсіздігін оқыту»
Автор:	Исатаева Айдана Кенжеғалыйқызы
Координатор:	Жадра Абдрахманова
Дата отчета:	2019-04-30 07:41:26
Коэффициент подобия № 1: ?	31,7%
Коэффициент подобия № 2: ?	11,2%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2: ?	25
Количество слов:	6 093
Число знаков:	52 220
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок: ?	5



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно. Количество выделенных слов 30

